

# OZEN

“ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ” АҚ КОРПОРАТИВТІ ЖУРНАЛЫ  
№11 (93) 2023 ЖЫЛ



АДАЛ ЕҢБЕККЕ  
БЕРЕКЕ ДАРИДЫ



“ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ” АҚ КОРПОРАТИВТІ ЖУРНАЛЫ

**МЕНШІК ИЕСІ:**

«Өзенмұнайгаз» АҚ  
№11 (93) 2023 жыл

Журнал ҚР Ақпарат және  
коммуникация министрлігінде  
есепке алынып, №16077-Г куәлігі  
берілген.

**ЖҰРТШЫЛЫҚ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК  
ОРГАНДАРМЕН БАЙЛАНЫС БӨЛІМІ**

**БАС РЕДАКТОР:**

Бибігүл БӨБЕКБАЙ

**ШОЛУШЫ:**

Арғын БИСЕНОВ

**ТІЛШІЛЕР:**

Жәзира АҚБЕРГЕН  
Айман МАДРЕЙМОВА  
Талғат САТЫБАЛДЫ

**РЕДАКЦИЯ МЕКЕН ЖАЙЫ:**

ҚР, Маңғыстау облысы, Жаңаөзен  
қаласы, Сәтбаев көшесі, 3-ғимарат,  
426-кабинет, 8 /72934/ 63445

Шығу жиілігі айына 1 рет.  
Журнал материалдарын  
көшіріп басуға редакция  
рұқсаты қажет

Журнал «АТИС» ЖШС  
баспаханасында басылды

## БІЗГЕ ЖАЗЫЛ:

**FACEBOOK**



**TELEGRAM**



**INSTAGRAM**



**TIKTOK**



# "ҚАЗМҰНАЙГАЗ" ҰК" АҚ "ҮЗДІК МАМАН-2023" КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК БАЙҚАУЫН ӨТКІЗДІ

Ақтауда «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ (ҚМГ) компаниялар тобының «Үздік маман-2023» кәсіби шеберлік байқауы өтті. Мұнай-газ саласы қызметкерлері арасында жыл сайын өтетін дәстүрлі додада биыл Атырау, Ақтөбе, Қызылорда, Павлодар, Шымкент, Жезқазған қалаларынан келген және маңғыстаулық мекемелердің 150-ден астам үміткері бақ сынады. Олар үш күн бойы 17 аталым бойынша теориялық және практикалық кезеңдерде өз білімін сынға салып, шеберлігін паш етеді.

Ашылу салтанатында ҚМГ адам ресурстарын басқару департаментінің директоры Ерболат Сәрсенов және «Қаражанбасмұнай» АҚ бас директоры Нұрсейіт Союнов қатысушыларға сәттілік тіледі. Сондай-ақ басшылар байқау

жұмысшылардың қызметте оң нәтижелерге талпынысын арттырып, кәсіби маман ретінде шыңдалуға мүмкіндік беретінін атап өтті.

Бұдан соң үміткерлер сайыстың алғашқы кезеңіне кірісті. Қатысушының әрқайсына өз мамандықтары және қауіпсіздік техникасы бойынша тест тапсырмалары берілді. Жеңіске ұмтылған мұнайшылар уақытты тиімді пайдалана отырып, үздік нәтиже көрсетуге барын салып жатыр.

18 өзенмұнайгаздық мұнайшы Ақтау қаласы мен Қаражанбас кен орнының өндірістік объектілерінде өтетін білім мен білек қатар шабатын жарыста бақ сынады. Ұйымдастырушылардың айтуынша «Үздік маман» байқауына қатысатын компаниялар мен сайыскерлер саны жыл сайын артып келеді.







**ҚУНСУЛУ  
ХУДАЙБЕРГЕНОВА**

Химиялық талдау зертханашысы



**ВЕНЕРА  
МАВЛАВЕЕВА**

Тауар операторы




**ЕВГЕНИЙ  
ЭЛЕЕВ**

Скважиналарды жерасты  
жөндеу операторы (вахта)



**БЕКЕН  
БАЙГУБЕНОВ**

Скважиналарды зерттеу операторы



**КАЙРАТ  
КАРАМБЕТОВ**

Мұнай және газ өндіру операторы



**МАРАТ  
САРСЕНОВ**

Технологиялық жабдықты  
жөндеу және техникалық қызмет  
көрсету слесарі



WWW.OZEN.KZ



**АҚБЕРДІ  
БЕКЖАНОВ**

Электр жөндеуші



**ЕРМЕК  
САКТАГАНОВ**

Автокөлік жүргізушісі



**НУРГУЛЬ  
АБДЫГАЛИЕВА**

Тауар операторы



**ЕРХАН  
СУГИРОВ**

Темір жонушы



**АСЕТ  
БЕКИМБЕТОВ**

Электр газбендәнеркерлеуші



**БУРКИТБАЙ  
ЖАЙЫЛХАНОВ**

Арнайы техника жүргізушілері  
(ИА-320 машинісі, моторісі)



## ГИЗАТ ЕСЕНЖАНОВ

Скважиналарды жерасты  
жөндеу операторы (вахта)



## САКЕН ДЖОЛДАСОВ

Арнайы техника жүргізушілері  
(ЦА-320 машинисі, моторисі)



## БОЛАТ ДУЙСЕНОВ

Скважиналарды жерасты  
жөндеу операторы (вахта)



## РАХИМ АЙТЖАНОВ

Бақылау-өлшеу аспаптары және  
автоматика жөніндегі жөндеушісі



## АЗАМАТ ТАЛАСБАЕВ

Қабат қысымын сақтау операторы



## ОРАЗБАЙ ОТАРБАЕВ

Скважиналарды жерасты  
жөндеу операторы (вахта)



# БҰРҒЫЛАУ ЖҰМЫСТАРЫ БАСҚАРМАСЫНДА ЖАҢА ҒИМАРАТ БЕРІЛДІ

Бұрғылау жұмыстары басқармасында қуанышты жаңалық орын алып, мұнайшылар үшін автобекет нысаны пайдалануға берілді.

Ашылу салтанатына бас директор Нұрдәулет Қилыбай, орынбасарлары мен департамент директорлары, ардагер мұнайшылар, сонымен қатар аталмыш басқарма ұжымы, «Өзенмұнайгаз жұмысшыларының жергілікті кәсіподағы» ҚБ мүшелері қатысты.

– Заман талабына сай жасалған автобекеттің игілігін көруге асыққан баршамыздың қуанышымыз құтты болсын. Ендігі күні мұнайшыларымыз таза, кең, жайлы орында автобусын күтетін болады. Игілігіңізге пайдаланыңыз, – деді бас директор құттықтауында.

Басқарманың ардагер мұнайшылары Сарыбала Балмағанбетов, Асылбек Айтмағанбетов, Абдулла Мұхаммедов жиналғандарға игі тілегін жеткізіп, ақ батасын беріп, автобекеттің лентасын қиды.

Елеулі еңбек етіп, құрылыс жұмыстарына белсенді үлес қосқан бірқатар азамат бас директордың Алғыс хатымен, кәсіподақтың мерекелік төсбелгісімен марапатталды.

Жаңа нысанда 80 орындық күту залы және диспетчерлерге, орталық инженерлік-техникалық қызмет мамандарына арналған жұмыс кабинеттері қарастырылған.











# ОТБАСЫ БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ

Жаһандық өзгерістер заманында отбасы құндылығын сақтап қалу, беделін арттыру, бала тағдырына жауапкершілікпен қарау аса қажет қадамның бірі болып отыр. Себебі елімізде ажырасу, деструктивті ағымдар жетегінде кету, алаяқтық жасау, зиянды заттарды қолдану, зорлық-зомбылық көрсету, телефонға тәуелділік секілді дүниелер жыл өткен сайын өршіп барады. Бұл рухани сабақтастықтың үзіле бастағаны мен сыртқы ықпалдың санамызда орнығып жатқанының әсерінен туындауда.

Міне осы мәселелер бойынша түсінік жүргізу мақсатында Маңғыстау облысы

дін істері басқармасы мамандары компания қызметкерлеріне семинар өткізді. Сарапшы Бақтыгүл Шопанова отбасы мүшелерінің қарым-қатынасы жақсы болуы мен баланы тыңдап білу маңызын айтып, тақырыпқа сай мысал көрсетті. Қоғам белсендісі, отбасы сұрақтары бойынша сарапшы Өсер Өтеген ата-баба аманатына адал болу, салт-дәстүрді сақтау, сонымен қатар ұлттық код жайын сөз етті.

Шарада қатысушылар арасында сауалнама жүргізіліп, белсенділік танытқандарға кітап сыйға берілді.





# "БАЛАҚАЙДА" 35-БАЛАНЫҢ ТҰСАУЫ КЕСІЛДІ

Мұнайшылардың қолдауымен жұмыс жасап жатқан «Балақай» оңалту орталығында үш жасар Айша Амандықтың тұсауы кесілді.

Бүлдіршіннің тәй-тәй басқан қуанышына «Жаңаөзен мұнайшыларының жергілікті кәсіподағы» ҚБ төрағасы Серік Бекбергенов пен мүшелері қатысты. МӨЖТКЖБ кәсіподағы Болат Бегімбетов «Қызымыз Айша ата-анасының алдында көз қуанышы болып жүре берсін. Дені сау, жүзі жарқын, бауырмал азамат болып өссін, молшылықта ғұмыр кешсін», – деген тілегін жеткізіп, өзіне тапсырылған тұсаукесер рәсімін орындады. Кәсіподақ атынан балапанға ойыншық мотоцикл мен қуыршақ тарту етілді.

– Дәрігерлер мен игі іске қаржылай қолдау танытып жатқан мұнайшы қауымына алғысым шексіз. Қызым туа бітті катарактамен дүниеге келді. Кейін балалар сал ауруы атоникалық түрі анықталды. 2022 жылдың аяғында орталыққа алғаш рет келіп, ем алдық. Осыдан бір айға жетпейтін уақытта аяққа тұрып, қадам басып, өзі тұрып, жүре алатын жағдайға жетті. Ем алуды жалғастырамыз, – деді анасы Үміт Ізбасова.

– Айшаның жүрер жолы ұзын, көрер қызығы мол болсын!







# "ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ ЖҰМЫСШЫЛАРЫ МҰШЕЛЕРІ М

Ақтауда Қазақстан кәсіподақтар күніне арналған мерекелік концерт өтті. Мерекеге өңір басшысы Нұрлан Ноғаев, ақсақалдар мен өңірдің көрнекті қайраткерлері, еңбек ардагерлері, өнеркәсіп кәсіпорындары мен кәсіподақ ұйымдарының басшылары қатысты.

Кездесуде тиімді серіктестік орнатуға қосқан зор үлесі үшін әр түрлі сала мамандарына салтанатты түрде марапаттар табысталды. Олардың арасында Қазақстан кәсіподақтар Федерациясының «Еңбек озаты» медалі және «Кәсіподақ жұмысына белсенді қатысқаны үшін» медалі бар. Сондай-ақ қызметкерлерге кәсіподақ ұйымының дамуына қосқан

елеулі үлесі үшін Құрмет грамоталары мен Алғыс хаттар табысталды.

Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар Федерациясының құрамына кіретін Маңғыстау облысы бойынша 8 салалық кәсіподақ филиалы, 46 жергілікті және 695 бастауыш кәсіподақ ұйымының жұмысын үйлестіреді. Жалпы кәсіподақ мүшелерінің саны 110 мың адамды құрайды.

Өңір басшысы Нұрлан Ноғаев кәсіподақ мүшелерін осы маңызды күнмен құттықтап, олардың азаматтық қоғамды дамытудағы маңызды рөлін атап өтті. Бұл оқиға Маңғыстаудағы кәсіподақтардың жетістіктерін ғана емес, олардың өңірдің және бүкіл елдің қоғамдық және эконо-



МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ  
КӘСІПОДАҚТАР ОРТАЛЫҒЫ  
АУМАҚТЫҚ КӘСІПОДАҚТАР БІРЛІГІ

ҚАЗАҚСТАН 10.10 ДЕНЬ  
КӘСІПОДАҚТАР ПРОФСОЮЗОВ  
КАЗАХСТАН



# НЫҢ ЖЕРГІЛІКТІ КӘСІПОДАҒЫ" ҚБ МАРАПАТТАЛДЫ

микалық дамуына қосқан үлесін де атап өтті.

Кәсіподақ қозғалысын дамытуда елеулі еңбек етіп жүрген «Өзенмұнайгаз жұмысшыларының жергілікті кәсіподағы» ҚБ мүшелері де ескерусіз қалмады.

ҚР Кәсіподақтар Федерациясының Құрмет грамотасымен Арқар Қанағатов, Алғыс хатымен Сәкен Ермаков, Нұр Сәрсенов, Қазақстандық мұнайгаз салалық кәсіптік одағының Мерекелік төсбелгісімен Ханшайым Бисенғалиева, Құрмет грамотасымен Ғалымжан Ғабдолов, Сағыдулла Нұрмұханов, Ерболат Жанабаев, Алғыс хатымен Рахат Қошақов, Жанбоз

Қазиев, Байжан Өтебаев сынды «Өзенмұнайгаз» АҚ мұнайшылары марапатталды.

Сондай-ақ Маңғыстау облысы әкімі Нұрлан Ноғаев Бисенбай Қаржаубаев пен Мұратбай Ноятовқа Алғыс хат, Марияш Дүзелбаева мен Өсербай Тұрсабековке Құрмет грамотасын табыстады.

Маңғыстау облыстық Кәсіподақтар орталығының марапатын Көшкінбай Ізтұрғанов, Азамат Іздібаев, Дүйсенбай Таңсықов, Көбейсін Борамбаев және Өлімжан Мұстафаев алды.

Марапат құтты болсын, әріптестер!





# "ЖАҢАӨЗЕН МҰНАЙШЫЛАРЫНЫҢ ЖЕРГІЛІКТІ КӘСІПОДАҒЫ" ҚБ МЕРЕКЕЛІК ШАРА ӨТКІЗДІ

«Жаңаөзен мұнайшыларының жергілікті кәсіподағы» ҚБ мүшелері ҚР Кәсіподақтар күніне орай «Кендірлі» демалыс айлағында мерекелік шара ұйымдастырып, спорттық сайыс өткізді.

– Әлеуметтік серіктестік аясында кәсіподағымыздың әлеумет-әділет қағидатына негізделген өмірлік ұстанымын, ұйымдастырушылық қабілетін күнделікті іске асырып, жұмысшылардың еңбек құқығы мен заңды мүддесін қорғауға,

тұрмыстық жай-күйінің жақсаруына үлес қосып, кәсіподақ қозғалысын дамытудағы жемісті еңбегіңіз үшін әрқайсыңызға алғысымды білдіремін, – деді кәсіподақ төрағасы Серік Бекбергенов құттықтау сөзінде.

Бастауыш кәсіподақ мүшелері де өз кезегінде жылы лебізін білдіріп, мәдени-көпшілік шара үшін ризашылығын жеткізді.







# МҰНАЙШЫ БЕКБОЛАТ НҰРЛЫБАЕВТЫ ЕСКЕ АЛУҒА АРНАЛҒАН ФУТЗАЛДАН ТУРНИР ӨТТІ

Қарашаңырақ Қызылсай ауылының жанынашыры болған, белгілі мұнайшы, Өзен, Қарамандыбас кен орындарын игеру ісіне өлшеусіз үлес қосқан Бекболат Нұрлыбаевты еске алуға арналған футболдан ашық турнир өтті.

Спорт додасы ардагерлер мен жастар арасында ұйымдастырылып, өңірдің ауыл-аймақтарынан командалар жиналды. Шараның өтуіне мұрындық болған азамат Қайырбек Елеусінов өткенге оралып, Бекболат Нұрбергеноұлының жарқын бейнесін еске алды.

– 63 жасында бақиға аттанған Бекболат Нұрлыбаев еңбек жолын қарапайым опе-

ратордан бастап, басшылық қызметке дейін көтеріліп, қай істі де абыроймен атқарды. Білімі мен білігін қатар алып жүріп, нағыз өз ісінің шебері екенін дәлелдеді. Өскелең ұрпақ осындай тұлғаны қадір тұтып, әрдайым құрметтеуі қажет, – деді Қайырбек Сағынбайұлы.

Байрақты бәсекеде қарсыласқа шақ келтірмеген командалар медаль, диплом, қаржылай сыйлықпен марапатталды.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, шара еліне сыйлы тұлғаның рухына тағзым етіп, есім-сойын мәңгі есте сақтап, ұлықтау мақсатында ұйымдастырылған.






**“ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ” АҚ БОЙЫНША  
2023 ЖЫЛДЫҢ ҚАРАША АЙЫНА  
КӨРСЕТКІШТЕРДІҢ ОРЫНДАЛЫСЫ**



**МҰНАЙ ӨНДІРУ:**

ЖОСПАР 399 00  
НАҚТЫ 409 510  
АУЫТҚУ 10 510



**ГАЗ КОНДЕНСАТЫН  
ӨНДІРУ:**

ЖОСПАР 328  
НАҚТЫ 353  
АУЫТҚУ 25

**МҰНАЙ ТАПСЫРУ:**

ЖОСПАР 398 204  
НАҚТЫ 408 939  
АУЫТҚУ 10 735





# Қайтып келген Қыз...

Осыдан бірнеше ай бұрын қалаға байға тиген Шалқардың кенже қызы Қаламқас үйіне қайтып келді. Қазір байдан ажырасу таң болмаса да, Шалқардың қан қысымы көтеріліп, жедел жәрдем шақырды. Маскүнемдіктен азап шегіп, психиатриялық ауруханаға жатқан байын уайымдап жүргенде қыздың қайтып келгені жығылғанға жұдырық болды.

Қаңғу мен қыдырудан өмірі қолы босамай, біресе Парижден, біресе Дубайдан, біресе Ханойдан ыстық сәлем жолдап жататын сіңлісі де нервты құртып болды. Әлеужеліден фотоларын көрген сайын ішінде шым еткен жайсыз сезім пайда болады. Онымен қоймай қоңырау шалып, сағаттап саяхатының майын тамызып тұрып айтып береді. Айлығы шайлығына



жетпей жүрген Шалқар қараптан-қарап шаршайды. Ел асып, жер асып, уыс-уыс ақшаны желге ұшырып жүрген сіңлісіне әрі қызығады, әрі жек көреді.

Асүйден танауының астынан әлдебір әуенді ыңылдап, дастархан жасап жатқан келініне асығыс көз тастады да, Шалқар тепкішекпен жоғары көтерілді. Тамақтың тәтті иісі бұл жерге де жетіпті. Қатар орналасқан шағын бөлмелердің есігін ашып жүріп, «жердің жарығына түсіп кетті ме?» деп күңкілдеді. Бұрыштағы бөлмеден тапқан қызы жүдеп кеткендей көрінді. Қасына барып орындыққа тізе бүккен Шалқар Қаламқасқа сұраулы көз тастады. Кешеден бері аяғы ісіп кетіп, сырқырағанда жанын шыдатпай барады.

– Қартайыппын, қайран, жас күнім, – деп күрсінді Шалқар екі тізесін уқалап отырып.

Қыздарымды қияға, ұлдарымды ұяға қондырдым деп арқаны кеңге салып отырғанда сүйкімді, адамға жұғымы бар Қаламқасының қайтып келуі тамағына тұрып қалған сүйек сияқты не әрі кетпей не бері кетпей жанын қинап тұр.

Құдай-ай, құдалар келеді деп үйді ремонттап, қол сұртетін сүлгіге дейін жаңасын, кесенің жиегі сырлысын шығарып дайындалып жатқанда бүйректен сирақ шығарып, қызы бар болғырдың істеп отырғаны мынау.

Шалқар солқылдаған басын ұстап, не айтқысы келгенін ұмытып қалған адам сияқты үнсіз отырып қалды. Жағдайын айтқызбай білетін келіні келіп, енесіне мүсәтір иіскетіп, қасында бірер минут отырды. Тал бойында бір мін жоқ, көз қарықтырар сұлу қайынсіңлісі жеңешесіне көзіне тұнған жасты көрсетпейін деп теріс айналды.

Түскі ас үнсіз ішілді. Әуестік ішін тескен көршісі Әлима келіп, қызғаншақ байының жырын, өзінің салмағын, диетасын, семіз мысығының күтімін, әртістердің киген көйлегін, жеген тамағын айтып отырып алды. Үш баласымен миы ашып отырған қатынның былшылынан Қаламқастың басы ауырып кетті. Ешкім жылы қабақ таныта қоймағасын «жарықты сөндіріп пе едім, әлде жоқ па?» деген сияқты түсініксіз бір нәрсе айтқан болып, табанын жылтыратты.

Қаламқас болмай қоймайтын әңгімені өзі бастады. Байы ұрмаған, соқпаған. Есесіне қақырынып, түкірінеді екен. Сұлу ке-



ліншек өлердей жеркенетін көрінеді.

– Боғауыз айтудан сайыс өтсе, шаппай бәйге алатынның нақ өзі. Өсек, төсек десе жанып кетеді. Қатыннан бетер...Еркек басымен сөзінде тұрмай тайқып кету деген өз алдына бөлек әңгіме. Тоғетері, ішкі мәдениеті нөл, – деді ерке қыз.

– Енді қанша өміріміз, қанша күшіміз қалды, бір құдай біледі. Соңғы уақытта жүйкем сыр беріп жүр. Сені зорлап қосқан ешкім жоқ. Сүйем, күйем деп кеткен өзің...быды-быды деп ашуланған шеше біразға дейін сілтеді.

Қыздың жан дүниесін ыза кернеді. Уақыт сағызша созылып бітіп болмады.

Кешке алтын асықтай сүйкімді балапандарын балабақшадан алып, жұмыс-

тан қайтқан ағасы қарындасын көргенде, жүзі жадырап кетті.

Қаламқас ішін анда-санда кішкентай аяғымен теуіп жіберетін бөпесі туралы ешкімге тіс жармады. Желкесі сыздап, басы ауырып, денесі қызған ол тамақ ішуге зауқым жоқ деп ерте жатып қалды.

Далада кір мен шаңды жуып, жылы өрі тәтті жауын жауып тұрды. Жас келіншек терезесін тырсылдатып жатқан жауынның тамшысын санап жатып ұйқыға кетті.



# Тағы да той туралы...

Қазір той туралы аз жазылып, аз айтылып жүрген жоқ. «Шаншардың» белді әртісі Жүсіп Ақшораев келін алу мен қыз ұзату тойынан басқа кішігірім мерекені алаулатып-жалаулатпай шағын адаммен атап өткен жөн дейді. Ақылға қонымды сөз.

Расында да, дамылсыз той жасап, дамыған ұлтты көрмедік. Қарызданып-қауғаланып, ашылып-шашылып жасаған тойдың соңы жақсы болмайды. Қазақтың басындағы қордаланған көптеген проблеманың бастауы тойда жатыр. Той тойлау – бәсекеге айналып, халық кредитке белшесінен батып отыр. Той бизнесі білім сапасына да кесірін тигізуде.

Қазақтың тойының қоғамға зияны шаш етектен екенін несіне жасырамыз. Той жасау соңы әлеуметтік мәселелерге ұласып, бүгінде 85 процент жас отбасының

өз баспанасы жоқтығы мәлім болып отыр. Біз той жасама демейміз, біз дарақылық пен бекер мал шашпаққа қарсымыз.

Той баққан емес, қой баққан қазақ көбейсе, жақсы болар еді. «Мерекесі көп елдің берекесі болмайды» деп жазыпты ақын Қадыр Мырзалиев.

Той-отбасылық қуаныш. Әркімнің өз отбасында, шағын топпен атап өтілуі тиіс.

Тойдан әбден береке кетті. Той қазақты әбден шаршатып, қажытып жіберді. Халық тойдың қамымен жүремін деп жұмыстан қалады, шаршайды. Шетелде өз-өзін күткен, өз-өзін дамытқан халықтан неге үлгі алмасқа?!

Тыраштанып той жасап, тапқанымызды бір мезетте шашып тастап, қарап отыратын дарақылықтың бәйгесі қашан тоқтайды, ағайын?!





## КІТАП АДАМДЫ *өзгертеді*


Ағылшын жазушысы Артур Конан Дойлдың «Шерлок Холмстың басынан кешкендері» атты әңгімелер жинағын ұсынамыз.

Әйгілі ізкесуші Шерлок Холмс туралы хикаялар әлем әдебиетінің жауһарына айналған туынды.

Кітап кейіпкері жауыздықпен күресетін ержүрек, ақылды әрі аңғарымпаз. Ол ерекше әдіс-тәсілдерді пайдаланып, күр-

делі де шытырман қылмыс түйінін шешіп ғана қоймай, адам өміріне төнген қауіптің де алдын алады.

Шығарманың тілі қарапайым, оқиғалары қысқа әрі қызықты. Оқырманды аңғарымпаз болуға, шексіз қиялдауға жетелейді, әділдіктің қай кезде де жеңіп шығатынына иландырады. Ұсынылып отырған кітап балаларға да, ересектерге де қызықты.



# КИНО АДАМДЫ өзгертеді

«Міржақып. Оян, қазақ!» фильмін көруге кеңес береміз. Алаш ардақтысы жастарды білім мен ғылымға, қазақ оқығандарын бірлікке үндейді. Қай кезде де ұлтын терең түсінген, мінезін, табиғатын қабылдай білген, шын сүйген ұлдар аз болады. XX ғасырдың басында «Оян, қазақ!» деп ұрандатқан Міржақып сол азының бірі.

– Қазақ қазір күрделі кезеңде өмір сүріп жатыр. Жастар атылмыш фильмді көріп, жылап қайтты. Жас ұрпақ ұлттың

тілі, мәдениеті, болашағына бей-жай қарамайды. "Оян, қазақты!" көріп ғана қоймай, бойға сіңіру маңызды. Жастар күнделікті күйбең тірліктен бір сәт арылып, елдік мәселеге араласуы тиіс, – дейді режиссер Мұрат Есжан.

Картина елдің рухын оятып, көрерменге ой салады. Міржақып Дулатұлының көрген азабы мен мехнаттарын киноға таспалау арқылы сол кездегі бүкіл қазақтың тағдырын көз алдыға әкеледі.



# М І Р Ж А Қ Ы П



### Ардақты әріптестер!

Мерейлі жасыңыз құтты болсын дей отырып, деніңізге саулық, отбасыңызға амандық, ел игілігі үшін атқарып жүрген қызметіңізге табыс, өміріңізге береке тілейміз.

Әрқайсыңыз ерен еңбек ете жүріп, Өзен кен орны дамуына өлшеулі үлес қосып келесіз. Басшылық әрбіріңізді мұнай саласының майталман маманы ретінде өте жоғары бағалайды. Кәсібіңіздің жілігін шағып, майын ішіп, сол саланың шыңына шығып отырған тәжірибелі де білікті кез келгеніңізбен біз мақтанамыз. Үлгі-өнеге тұтамыз.

Арайлап атқан әрбір таң шаңыраққа құт пен береке әкелсін. Тойыңа жұрт жиылсын, Көңілге нұр құйылсын, Дәл осындай мерей жас, Біздерге де бұйырсын, – демекші тойыңыз тойға ұласып, 100 деген әдемі жасқа жетіңіз, қадірлі әріптестер!

**Құрметпен, «Өзенмұнайгаз» АҚ еңбек ұжымы**



**ҚҰРМЕТТІ АРДАГЕРЛЕР!**

Туған күн мерекесі құтты болсын. Құдай бақ берген мекенде ерен еңбек етіп, Өзен кен орны дамуына өлшеусіз үлес қосқан Сіздерге алғысымыз шексіз.

Ел игілігі үшін тынбастан еңбек етіп, өндірістің қиындыққа толы құбылыстарын бастан өткеріп, бейнетін арқалап, зейнетіне бөлену – кез келген адамның қолына түсе бермейтін бақыт.

Сіздердің адам қызығарлықтай мазмұнды өндірістік өміріңіз бізге үлгі-өнеге.

Қоғамның, ел мен жердің, отбасының алдындағы парызы мен қарызын азаматтықпен атқарып, Отанға адал қызмет етудің жарқын үлгісін көрсеткен Сіздерге мың алғыс.

Адам үшін ең қымбат нәрсе – оның өмірі мен денсаулығы. Аман жүріңіздер. Деніңізге саулық, отбасыңызға амандық, мәнді де сәнді, ұзақ ғұмыр тілейміз.

**Мухамбет Сарсенбаев**  
**Аманкос Джумаев**  
**Турсын Утепова**  
**Мизам Сактаганов**  
**Азизбек Исмаилов**  
**Аксан Джумантирова**  
**Рашид Сатмагамбетов**  
**Оразалы Каржовбаев**  
**Нурсауле Оспанова**  
**Меделе Калинов**  
**Айжарық Беков**  
**Мергенбай Бисебаев**  
**Нурганым Исмаилова**  
**Дуйсенгали Бекмагаметов**  
**Мерген Адылов**

**Койбагар Мендалиев**  
**Зоя Демеубаева**  
**Мурат Бакибаев**  
**Базар Изимберген**  
**Аскар Келдибаев**  
**Избай Огланов**  
**Алтын Танбаева**  
**Турлыклыч Джолдасбаев**  
**Валерий Солоневич**  
**Агымбай Сулейманов**  
**Калмурат Утегенов**  
**Ислам Уксикбаев**  
**Тулеген Кульджанов**  
**Қуаныш Бисембаев**  
**Ақбан Тогджанов**

